

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

органдары академиясының мәліметтері бойынша, агрессор күйеуінен зардап шегетін әйелдердің 70-90% - ы ұзақ уақыт құқық қорғау органдарына жүгінбейді.

Ішкі істер министрінің айтуынша, 2022 жылдың 9 айында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 100 мыңнан астам жағдайы тіркелген, алайда олардың 60% - полиция жәбірленушілер өтініш беруден бас тартқандықтан тиісті шаралар қолдана алмаған.

15 пен 49 жас аралығындағы әйелдердің 60,2% - ы өмірінде кем дегенде бір рет күйеуі немесе серіктесі тарапынан физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. 2021 жылы тұрмыстық зорлық зомбылық фактілеріне қатысты 81 648 қорғау ұйғарымы және 11 202 ерекше талап шығарылды. Әйелдердің 12,8% - ы 15 жасынан бастап кем дегенде бір рет физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, ал 3,2% - ы жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Қорытындылай келе мақаланы жазу барысында жүргізген зерттеулер нәтижесінде, егемен ел аталғалы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ең өзекті мәселе ретінде қалып келеді. Осы салада мемлекет күнделікті жұмыстар атқару үстінде, бірақ әлі де ол аздық етеді. Статистика көрсеткіштері оң жаққа өзгеріс көрсеткенімен, бұл құқық бұзушылық түрі латентты қылмыстар қатарына жатқызылады. Менің ойымша елімізде отбасылық зорлық-зомбылық саласын криминализациялау қажет. Себебі, мақала басында айтылғандай, сенім артатын адамнан жасалған зорлық әрекеттер адам психикасына ерекше әсер етеді. Статистика көрсеткендей, зорлық-зомбылық қылмыстарының көпшілігі тұрмыстық проблемалар немесе кінәлі мен жәбірленуші арасындағы ұрыс-керіс негізінде жасалады. Мұндай жағдайда соттар қылмыс жасауға әкеп соққан сотталушылар мен жәбірленушілер арасындағы тұрмыстық және жеке қатынастарды зерттеуге әрдайым тереңірек үңіле бермейді, барлық назарын айыптаудың дәлелденуі мен әрекетті дұрыс құқықтық бағалау мәселелеріне аударады. Сонымен қатар, бұл жағдайларды нақтылау соттың тиісті шешімдер қабылдауына себеп болуы мүмкін.

Мысалы, егер сот отырысында сотталушының алкогольдік ішімдікке тәуелділігі, есірткі немесе басқа да маскүнемдік құралдарды қолданатыны және масаң күйінде отбасын ұрып-соғумен және әйеліне, балаларына, отбасының басқа мүшелеріне қатысты өзге де зорлық-зомбылықпен бірге жүретін жанжалдар жасайтыны анықталса, соған байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылса, онда сотта маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан жасалған қылмыс үшін қылмыстық жазамен қатар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажеттілігі туындайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік. Алматы 2022ж
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.
4. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/T090000214\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/T090000214_)

УДК 343.2

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР**

**Дүйсен Гүлнұр Жакенқызы**

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс,  
«Құқықтану» мамандығының студенті Астана, Қазақстан*

Өркениетті елдің болашағын сомдайтын бүгінгі жасөспірімдер екені белгілі. Келешек өмірдің тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекеттерінің бастауы бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер еліміздегі тұрғындардың он бесінші бөлігін құраса да, бүкіл қылмыстық әрекеттердің бестен бірін жасайды. Жасөспірімдердің қауіпті жолға түсуі барып тұрған қасіретті құбылыс. Жасөспірімдер қылмыс жасай отырып өз басына ғана емес, қоғамға, өз отандастарының мүддесіне, өзінің туған-туысқандарына үлкен зиян келтіреді. Жасөспірім қылмыскер ең бірінші кезекте өзінің отбасына қасірет болып табылады.

Бүгінде қай жерде болсын теледидар экранынан, баспасөз беттерінен жасөспірімдер колониясындағы балалар өмірін суреттейтін материалдар көп беріліп жүр. Жас қылмыскер өмірі жайлы шындықты оқыған, көрген сайын жағанды ұстайсың, таңданасың, бүгінгіміз бен болашағымызды ойлап қорқасың. Өмірге келген сәбиді ертең қылмыскер, қанішер болып өседі деп кім ойлар?

Кәмелетке жасы толмаған адам деп қылмыс жасаған кезге қарай он төрт жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамды айтамыз. Бүгінгі таңда жастар арасында криминалды белсенділік өте жоғары деңгейде. Әсіресе кәмелетке толмағандар арасында қылмыстылықтың өсуі алаңдатады, өйткені олар ересектерге қарағанда тәжірибесі мен білімінің жеткіліксіздігінен көптеген проблемаларды шеше алмайды.

Кәмелетке толмаған сотталушының ақыл-ойдан кеміс екендігін куәландыратын деректер болса, сот қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес кәмелетке толмаған адамның ақыл-есі қаншалықты толық емес екендігін анықтауға міндетті, оның әрекеттерінің мағынасын сезіне алып, басшылық жасауының шегін белгілеуі керек. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, кәмелетке толмағандар қылмысының деңгейі уақыт өткен сайын өсіп барады.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауына не себеп дегенге келсек, бұлардың көпшілігі оқуға, адал еңбекке ынта қоймайды, бос уақыттарын көбінесе қаңғыбастықпен, құмар ойындарға, ішімдікке, нашақорлық және басқа да есеңгірететін заттарды пайдалануға, ойынханаларда жат музыка тыңдауға, жыныстық немесе нәпсіқұмарлық іс-әрекеттермен айналасуға арнайды.

Баланың адам ретінде, тұлға болып қалыптасуы ең алдымен отбасына байланысты. Жанұя бала өмірінің жағдайын реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлібаланы дұрыс жолға бағыттайтын, оны жат қылықтардан жиркендіретін, өмірдегі тірек, басқаратын күш және де алғашқы тәрбиелік орта болып келеді.

Кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басын қалыптастыру шарттарының бірі отбасылық қолайсыздық, теріс отбасылық жағдай болып табылады: отбасында қалыпты адамгершілік ортаның болмауы, ата-анасының немесе туыстарының маскүнемдігі, олардың моральды мінез-құлқы және т. б.

Отбасы өміріне зорлық-зомбылықтың енуі нәтижесінде отбасылық тәрбиелеу мүмкіндігі азаяды, балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығы пайда болады; балалар маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікке тартылады. Қараусыз қалған балалар, әдетте, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен және ұсақ ұрлықпен айналысады.

Нәтижесінде жеке тұлғаның қалыптасуында бұзушылықтар орын алып, бұл өз кезегінде кәмелетке толмағанды құқық бұзушылыққа алып келуі, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімдердің және жасөспірімдер қылмысының алдын алуға жауап беретін басқа да органдардың араласуына негіз болуы ықтимал.

Тағы бір айта кететін жайт, отбасының ажырауы да бала өмірінде ерекше криминогендік орын алады. Әлбетте, егер баланың отбасында ата-анасының біреуі болмаса, оған қоса бала саны бірнешеу болса, балаға жалпы жақсы тәрбие беру, олардың жүріс-тұрысын қадағалау мәселесі өте қиынға соғады.

Кез-келген ата-ана баласын нағыз адам болып өскенін көргісі келеді. Осы тұрғыда, мұндай балаларды тәрбиелеп, өсіре білу керек. Балалардың тамағы тоқ, киімі бүтін болса екен деп қана ойламай, оларды рухани өмірге сезімталдықпен, зейінмен бағыттап, оларды ұжым, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелей білу керек.

Мұндай жағдайда басты нәрсе ол балаға көңіл бөліп, оған барынша мейірімділік таныту немесе керісінше баланы жатсынып, оны сыртқа тебу ерекше рөл атқарады. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекцияда есепке тұрған он бес мыңға тарта балалардың басым көпшілігі әке-шешенің мейірімділігін сезінбеген. Осының салдарынан олардың пайдақорлық, зорлық-зомбылық сипаттағы қылмыстарға баруына жол берілген.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығына себеп болатын тағы бір жағдай- қоршаған ортасы. Мұнда әсіресе бейресми органның әсері көп. Мектептен тыс уақытта көптеген оқушылар ата-анасының қарауынсыз болғандықтан, бақылаусыз өмір кешеді. Бұндай баланың мектептегі сабаққа бармауы, немқұрайлылығы осы бақылаусыздықтан шығады десек, артық айтқандық емес. Ондай балалар көбінесе сыныпта «қиын» балаға, тәрбиеленуі қиындық туғызатын балаға айналады.

Бақылаусыз қалған балалар өздері тұратын жерлердегі кіші топтарға бірігеді, ал ол топтардың қандай іспен айналысатыны белгілі. Ата-аналардың басым көпшілігі сабақтан бос уақытта баласының немен шұғылданып жүргенін, достарының кім екенін, достарының қандай пайдалы іспен айналысатынын білуге ниет етпейді. Осыдан барып, баланың, ата-ана бақылаусыз тыс қалғанына сенім артып, құқық бұзушылыққа оңай қадам жасайды.

Балалар тәрбиеледегі маңызды орын отбасына беріледі. Өмір заңы сол - өзара көмекке дайын, ұйымшыл болып саналған отбасында тәрбие алған балалар тәрбиелі және еңбекқор болып шығады. Оған қоса, ата-аналары балаларды қорғау мен тәрбиелеуге қатысты қолданыстағы заңнамалық актілермен жеткілікті түрде таныс болса, осы маңызды міндетті тиісінше жемісті орындап шығады.

Отбасында кәмелетке толмағанның дұрыс тәрбие алып, өсуі үшін елімізде көп жағдайлар жасалуда. Біздің қоғамда отбасы ұрпақты тәрбиелеу ісіне маңызды қадамдар жасап, үлесін қосып келеді. Отбасының тәрбиелік ықпалы қоғамдық тәрбиеге барынша жақын тұрса, соншалықты ол күшті, әрі өнімді болмақ.

Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыс жасауына әсер ететін факторларды негізгі бес факторға бөліп қарастыруға болады. Оларды жекеше қарастыратын болсақ:

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер.

2. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы және т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

3. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

4. Оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;

5. мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

6.әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашақорлыққа қызыға бастайды;

7.криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды.

*«Өз өміріңде егер де бір түп ағаш отырғызсаң - бұл өміріңнің бос өтпегені. Егерде жақсы адамды өсіріп, тәрбиелесең - өміріңнің бұдан екі есе бос өтпегені» деген халық нақылын әрдайым есте ұстаған жөн.*

Қорыта келгенде бала тәрбиесіндегі басты нәрсе – оның бойында жоғары өнегелік қасиеттерді қалыптастыру, оларды нақты нанымға, өзін саналы түрде ұстаудың үлгісіне айналдыру болып табылады. Олай болса, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу жолдарының біріне жас ұрпақтың бойында құқықтық мәдениет, құқықтық сана қалыптастыру саналады. Сондықтан біздің елімізде кәмелет жасқа толмағандардың қылмысын азайту мақсатында келесідей іс-шаралар жүзеге асырылуы керек:

- Кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында белгілі бір жеңілдіктермен мәдени, спорттық кешендер салу;
- Ата-аналардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында арнайы құқықтық білім беру орталықтарын ұйымдастыру;
- Көше тәртібін қадағалауға сол кәмелетке толмағандардың өзін «Жас сақшылар» деген құқықтық ұйымдар ұйымдастыру арқылы тарту;
- Ішкі істер органдары мен мектептердің, ата-аналардың байланысын одан әрі нығайту;
- Оқушыларға, жалпы жасөспірімдерге арналған құқықтық басылымдар шығару;
- Еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, осы бастан мемлекеттің болашағы жастарды түзу жолға салып, өркениетке бағыттауымыз қажет.

Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас, әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептер мен шарттарды жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені, қылмыс дегеніміз – әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы – өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Наумов А.В. Қылмыстық құқық. – Астана, 2001. – 664 б.
2. Аванесов Г.А. Криминология и социальная профилактика. – М., 1980. – 526 б
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). – Алматы: Жеті Жарғы. – 2010. – 807 б.
4. Балтабаев Қ.Ж. Қылмыстық құқық( жалпы бөлімі). -Астана, 2017. – 488-501 б.

УДК 343.2

## **ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Ербатырқызы Ақбота**

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс,  
«Құқықтану» мамандығының студенті Астана, Қазақстан*